



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 3 (98)

Астана
2022



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан)
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия)
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан)
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан)
Қасенәлі А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан)
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан)
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан)
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан)
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер / Обычаи, традиции

Артықбаев Ж.О. Шырақшы – мәңгілік құндылықтар сақшысы	4
Қатран Д. Мәні мен сыры ерек, ұмыт болған әдет-ғұрыптар жөнінде	13
Тойшанұлы А. «Диуанабәйт» – салт өлеңінің ескі үлгісі	21
Усманова Ә.Р. Тулпары Терисаккана	27
Егізбаева М.Қ. XIX-XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстандағы дәстүрлі аңшылық	38

Орындаушылық өнер / Исполнительное искусство

Шегебаев П. Об единстве личностных качеств народного музыканта и стилических свойств его музыки (на примере Курмангазы)	46
Базарбаева Н.С., Өтеғалиева С.Ы. Дина Нұрпейісова және басқа домбырашылардың интерпретациясындағы алдыңғы буын өкілдерінің күйлері (Құрманғазының «Қайран шешем», Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйлерінің мысалында)	52
Бердібай А.Р., Әбиділда М.Б. Жыршы Д. Жолымбетов орындауындағы Сыр бойы эпикалық мақамдарының музыкалық-стильдік ерекшеліктері («Асау барак» жырының бірінші мақамы мысалында)	61
Қазтуғанова А.Ж. Күй өнеріндегі орындаушылық нұсқалар: теориялық және тәжірибелік тұрғыдан игеру	75
Жаманбалинов Е.Е. Шығыс Қазақстан домбыра дәстүріндегі «Ақсақ қаз» күйлерінің ерекшеліктері	90
Сабирова А.С., Басығара Е.Б. Воспитательная роль песенного наследия Абая в исследовании Г. Чумбаловой	100

Дәстүрлі қолөнермен байланысты білім мен дағдылар / Знания и навыки, связанные с традиционным ремеслом

Шайгозова Ж.Н., Музафаров Р.Р. Языки казахской культуры: топонимы как код и отражение картины мира (на примере числительных, цветовых и зоонимных обозначений)	107
Бутеев Б.О. Казахские и хонгорские названия сортов кожи и шкур: историческая ретроспектива	118

Тарих. Тұлға / История. Личность

Бекенова М.С. Абай Кунанбайұлы и современное казахстанское общество	127
Омарова А.К. А.В. Затаевич: штрихи к «портрету»	133
Жәкішева З.С. Рухани және заттық мәдениеттің байланысы	147

CONTENTS

Customs, rituals

Artykbaev Zh.O. Shyrakshy – on guard of eternal values	4
Qatran D. Forgotten custom: meaning and features ..	13
Toishanuly A. «Diuanabait» is an ancient type of ritual song	21
Usmanova E.R. Tulpars of Terisakkan	27
Yegizbayeva M.K. Traditional hunting in East Kazakhstan of the XIX-early XX centuries	38

Performing arts

Shegebaev P. On the unity of the personal qualities of a folk musician and the stylistic properties of his music (on the example of Kurmangazy)	46
Bazarbaeva N.S., Otegaliyeva S.Y. Kuis of the representatives of the previous generation in the interpretation of Dina Nurpeisova and other dombrists (on the example of Kurmangazy «Kayran sheshem», Dauletkey «Korkem khanyam»)	52
Berdibay A.R., Abidilda M. Musical and style features of the performance of the epic tradition of Syrdariya zhyrshy by D. Zholymbetov (on the example of the first maqam of the epic «Asaubarak»)	61
Kaztuganova A.Zh. Performing variants in the art of kuy: theoretical and practical development	75
Zhamanbalinov E. Peculiarities of kyuy «Aksak kaz» in the dombra tradition Eastern Kazakhstan	90
Sabirova A.S., Basygara E.B. The educational role of Abai's song heritage in G. Chumbalova's research	100

Knowledge and skills related to traditional craft

Shaigozova Zh., Muzafarov R. Languages of kazakh culture: toponyms as a code and reflection of the world picture (on the example of numerals, colour and zoonyms)	107
Buteyev B.O. Kazakh and khongor names of leather and skin grades: a historical retrospective	118

History. Personality

Bekenova M.S. Abay Kunanbayuly and modern kazakhstan society	127
Omarova A.K. A.V. Zataevich: touches to the «portrait»	133
Jakisheva Z.S. Interrelation of material and non-material culture	147

Қатран Д.

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: dosai_kz@mail.ru

МӘНІ МЕН СЫРЫ ЕРЕК, ҰМЫТ БОЛҒАН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР ЖӨНІНДЕ

Мақалада қазақ әдет-салтында қазіргі уақытта атқарылмайтын кейбір рәсімдер туралы сөз болады. Олардың мән-мақсаты мен жай-күйі айтылады. Дәлірек айтқанда, «Мойынтастар», «Шарық тастау», «Шарғы салу», «Ұмсындыру», «Қалау» тәрізді ұмыт болған салт-дәстүрлер әңгіме өзегі болады. Сондай-ақ, отты қадір тұту, қастерлеудің және осыдан келіп өрбитін кейбір халықтық түсініктердің өзгеріске түсу жай-күйіне де тоқталады.

Түйін сөздер: салт-дәстүр, жосын-жоралғы, шарық, шарғы, мойынтастар, ұмсындыру, от қасиеті, жер-су киесі, тәңірі, шаманизм.

Жосын-жоралғы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді халықтың көнеден келе жатқан сан ғасырлық өмір тәжірибесінің бізге жеткен жалғасы ретінде түсінетініміз белгілі. Ендеше, салт-дәстүр айналып келгенде сан алуан жосындар мен жоралғылардан, әдеттер мен ғұрыптардан, кәделер мен түрлі ырымдардан құралатыны белгілі. Мақала өзегіне мысал ретінде алынып отырған *мойынтастар*, *шарық тастау*, *қалау* және *ұмсындыру* деп аталатын ырым-жоралғылардың қазіргі замандағы жай-күйі арқылы дәстүрлі наным-сенім, ырымдар мен тыйымдар жүйесі хақында аздаған ой бөліспекпіз. Себебі, аталып отырған жосындар қазіргі кез тұрмақ, XX ғ. орта шенінен бастап қолданыстан шығып қалған құндылықтар қатарына жатады.

Үйлену жосын-жоралғыларына қатысты атқарылатын осынау ырым-кәделер қазақы ортадағы *құт*, *ырыс* және *береке* сияқты ұғымдарға байланысты еді. Дәлірек айтқанда, қолына құс қондырып

жатқан жігіттің (күйеудің) және ұзатылып бара жатқан қыздың (қалыңдықтың) өзінен кейінгі інілеріне немесе сіңділеріне жолымды берсін, қуанышымыз жұғысты болсын деген тілек бойынша жасалатын ырым-жоралары көп-ақ. Осы аталмақ жосындар қазіргі кезде үйлену тойларында мүлдем із-түзсіз кетпей, керісінше, мәдени байланыстар нәтижесінде енген гүл тастау немесе гүл лақтыру ырымымен алмасты. Ол үйлену тойы аяқталар кезінде келіннің теріс қарап тұрып, қолындағы гүлін басынан асыра, артында тұрған топ қызға қарай лақтыру ырымы. Кім қағып алса, келесі күйеуге тию сол қызға бұйырады-мыс. Айтпағымыз, *мойынтастар*, *шарық тастау* мен *шарғы салу* ырым-жоралғыларының атқарылу формасы ғана өзгергені болмаса, еуропалық гүл тастау жосынында сол баяғы түпкі мәнінің бір екендігінде. Мәселе – осы дәстүрімізді жаңғырта аламыз ба, жаңғырта алсақ салтқа айналдыруға қаншалықты ықпал ете аламыз немесе оған құлқымыз қаншалықты деңгейде дегенде тұр!



Мойынтастар. Суретші
 Е. Оспанұлы (Оспанұлы, 2009).

Бірқарағанда аталмыш жосындарды насихаттау аса қиын дүние де емес. Бір-екі той-домалақта ойдағыдай атқарылса, жұртшылықтың жақсы қабылдайтыны белгілі. Сөйтіп, бірте-бірте кең таралып, дәстүрге жаңалық, жаңашылдықты енгізуге құштар қазақ халқы тағы да бір төл дәстүрімізді жаңғыртқан болар едік. Ондай үрдіс тарихи сананың орнығып, беки түсуіне ықпал ететіні сөзсіз. Ұлттық сана неғұрлым терең болған сайын, адам да, қоғам да бай болып, мәдениет біртұтас бола түспек. Былайғы жұрттан ерекшелейтін де дүниеміз осы тәрізді айырмашылықтарымыз болмақ. Енді той-домалақта ұлттық ерекшелікті айғақтап тұратын осындай бірнеше ырым-жоралғыларды баяндасақ.

Мойынтастар – үйлену тойында жасалатын ырымдық мәнге ие жосындардың бірі. Ұзатар той болатын күні күндіз күйеу жігіт пен қалыңдыққа отау тігіліп, қыз жеңгелері отауды жапқаны үшін *отаужабар* кәдесін алады (Гродеков, 1889: 67). Отау көтеру

тойына қой сойылып, жиналған жұрттың барлығы еттен дәм татады. Осы кезде тазалап мүжілген қойдың мойын омыртқасын қыздың жеңгесі ақ шүберекке орап күйеу жігітке береді (Ибрагимов, 1872: 28). Жосынның шарты бойынша күйеу жігіт төмен қарап ортада отырған қалпында, киіз үйдің шаңырағынан (түндігінен) мойын омыртқаны сыртқа дәл лақтырып шығаруы қажет. Кейбір деректер бойынша қалыңдықтың жеңгелері жігіттің мойынынан басып, жоғары қаратпай ұстап тұрған кезде лақтыруы тиіс (Арғынбаев, 1973: 204). Бұл жаңадан тігілген (құрылған) *отаудың іші түтіндемесін, түтін түзу шықсын* деген ырымнан туындайды. Орамалға оралған мойын омыртқаны сыртта тұрған қыз-жігіттер «*жолын берсін*» деп ырымдап қағып алуға тырысады.

Бұл жосында қағілездік пен қабілет сынға түседі, әрі оның астарында ырымдық қыры басым болып келетін күрделі таным-түсініктер жатады. Яғни, жосынды атқарудағы бітеу мүжілген мойын омыртқаны үй иесінің



шаңырақ күлдіреуішіне тигізбей сыртқа дәл лақтырып шығара алуы – жақсылыққа бастайтын, түтеткен түтіндері түзу болуды меңзейтін жолды салуға құрылған магиялық жоралғы болып табылады (Жүнісов, 1992: 28). Қойдың мойын омыртқасының осы тектес тағы бір қызметі – сәби дүниеге келгенде жүзеге асырылады. Ол қалжаға сойған қойдың мойын омыртқасын шешесі бүтін мүжіген соң, бала бір жасқа толғанша кереге басына іліп қоятын ырым-жоралғысы. Аталған екі жосындағы мойын омыртқаның мәні – бірінде баланың мойыны тез бекуін, келесісінде жас отаудың тез бекуін ырымдауында.

Күйеу жігіт қыз жеңгелеріне осы мойынтастар кәдесі үшін бір қой береді. Сондықтан да, *мойынтастар* қыз жеңгелеріне берілетін кәденің де атауы болып қалыптасты.

Шарық тастау – үйлену ғұрпында жасалатын жосындардың бірі. Ұзатылып бара жатқан қыз үйінен шығар алдында өзінен кейінгілерге *жолымды берсін* деген тілекпен аяғындағы кебісін сіңлісіне қарай лақтырып тастау ырым-жорасын жасайтын болған. Шарық – қазақы ортада қолданылатын *кебіс, шоқай, шақай* және *шәркей* деп аталатын мәсі сыртынан киілетін аяқ киімнің тағы бір атауы. Дәстүрлі ортада *шарық* – негізінен аяқ киім тозбас үшін сыртынан киюге арналған шикі теріден қарапайым тігілетін түрі. Ол етіктің төменгі бөлігін орай келетін етіп, шетін айналдыра әр жерінен баумен тартып байлайтындай жасалады.

Ол жосынның атқарылуы төмендегідей: ұзатылатын қыз үйден шығар алдында босағаға барған соң аяғына киген кебісін шешіп, өзінен жоғары төрге таман отырған сіңлісінің оң жақ алдына қарай лақтырып тастайды (ЭЭМ, 28).

Шарықты алған қыз әпкесінің жолын берсін деген ырыммен бір киер, ардақты киімі етіп, аялап сақтайды. Халық аузынан жиналған ауызша мәліметтер бойынша шарық алған қыз өзі ұзатылып кетерде де аталмыш жосын қайталанатын көрінеді.

Ал, **шарғы салу** деп аталатын осы ырымға ұқсас атқарылатын жосын бар. Шарғы салу жосынында бұл ырым бас киімге қатысты атқарылатын болса, аталмыш жосынның аяқ киімге байланысты жасалуы дәстүрлі наным-сенімнен туындаған жоралғылар екенін атаған дәзім. Мәселен, бас киім беруі – басты, яғни бас киімді қадірлеуден туындайтын ырым-

жораларға байланысты. Өйткені, бас киім әрбір қоғам мүшесінің әлеуметтік жай-күйін айқындап тұратын белгілік қызмет атқаратыны белгілі. Сондықтан, қыз күнінде киген бас киімін (бөрік, тақия) ендігері ұзатылып барған жерінде кимейтіні белгілі. Яғни, бір жыл балалы болғанға дейін желек бүркеніп жүреді. Осылайша, қалып бара жатқан қыз күнімен бірге қыз кезінде киген бас киімін де жұғысты болсын деп сіңлісіне беруінде мән жатыр. Ал, аяқ киім беру – дәстүрлі мәдениетте ерекше орынға ие – *жолын беру* деп аталатын ғұрыптық мәні үлкен болып келетін ырым-жоралғыға байланысты атқарылса керек. Соның бір айқын дәлелі – келіннің аяғымен құт келеді дейтін ырымға байланысты болса керек.

Ұмсындыру – дәм ұсынған кезде жасалатын көңіл көтерудің, күлкі шақырудың бір түрі. Мәселен, қымыз құйылған аяқты тиісті адамына ұсына беріп, қайтарып ала қоятын салт болған. Ол көбіне қайыншылап жүрген күйеу балаға немесе ұзатып алуға келген күйеуге, құдалардың ішіндегі жас адамдарға қыз жеңгелері қымыз, айран, т.б. сусын берерде қалжыңдай ойнап, ұсына бере тартып алып, үш рет ұмсындырып барып беретін еді. Дәстүрлі ортада мұндайға үйренген адам осындай ойынға дайын болып, әккілік танытып, шап беріп ұстай алу тәрізді қылық көрсетіп, қыран-топан күлкіге қарқ болғызатын. Ал қазіргі адам бұрынғының осы тәрізді әзілін түсінбейтін деңгейге жетті. Күліп, риза болмақ түгілі ашу шақырып, ызалануы бек мүмкін. Тіпті, менмендіктің (эгоизм) жоғары болғаны соншалық – қорланып қалуы мүмкін. Сондай-ақ, көшпелілерде ет асату тәрізді қымызды да қысап ішкізуін Шыңғыс хан ордасында болған Гильом де Рубрук басынан кешіпті (Путешествие в восточные страны..., 109). Ілкіде шара толы қымызды тауысып ішу, түбіндегі күміс тиынды тіспен алу, қымызды көп мөлшермен ішіп жарысу тәрізді сынға түсетін. Қымызды көп ішіп, қарсыласынан асып түскенінің, жеңіске жеткенінің шарты – үйден шыққанша сыр бермей, алыстап кету болған.

Дос-тамыр және нағашы-жиен арасында болатын алыс-берістің ерекше бір түрін **қалау** атаған. *Адамның күні адаммен* деген қағида берік орныққан қазақы ортада алыс-беріске айрықша мән беріледі. Бірі-бірімен дүние-мүлік алмасу түрінде атқарылатын, яғни, бірінде жоғын екіншісіне беру сияқты адамдар



Қымыз ұмсындыру

қатынасына дәнекер болатын мұндай үрдіс ерекше мәнге ие болды. «Алыспаса, беріспесе сарт болады, барыспаса, келіспесе, жат болады» – деген мақал осы жайттың мәнін айғақтайды. Дәстүрлі ортада тамыр болып достасқан адамдар бір-бірінен қымбат, асыл бұйым, текті мал, тазы ит немесе қыран құс сияқты дүниені қалап алу қалыпты жағдай болып саналған. Бірақ, тамыр емес әлдекімнің және туыстарының дүние-мүлкіне ешқашан қалау түспейді. Сондықтан, біреудің асыл бұйымына қызыққан адам сол үйге мол сыйлық пен мал сойып әкеліп қона жатып, ертеңінде аттанарда үй иесі қонақтарынан кетерінде бұйымтай сұрағанда ғана қонақ көздеп келген қалауын айтатын болған. Тіпті, қалаулы затын алу үшін алдын-ала тамыр болысып, сосын көздеген мақсатын іске асыратын да адамдар болады.

Сонымен бірге, жай ғана келген қонақтан үй иесі бір бұйымтаймен келгенін сезіп, аттандырар алдында «қалауыңды айт» деп сұрайды. Салт бойынша, отағасы қонағының

қалауын беруге міндетті. Отағасы қонағының көңілін қалдырмай, қимаса да сұраған бұйымын ризашылықпен беруі қажет. Қалауын алып, риза болған бұйымтайшы да «сыйға сый, сыраға бал» деп зат иесіне лайықты сыймен қарымта қайтарады.

Дос-жаран, тамыр-таныстар арасында бұйым, зат сұрайтын немесе қандай бір іске жәрдемдесіп қол ұшын беруін өтінетін, мәні жағынан қалау тәріздес тағы бір салт бар. Ол қолқа салу, қолқалау деп аталады. Алайда, кей жағдайда қолқалаған затын бермеуіне, өтінішін орындамауына болады. Бұл ретте қолқаның қалауға қарағанда жүгі жеңіл екенін байқауға болады.

Қалауын алып дос болған жандар қияметтік достар болып қалады. Достамырлардың балалары достықтарын жалғастырып, ататамыр болады. Ататамырдың балалары бір-бірімен құда болса, ол сүйектамыр болып жалғасады. Алайда, жөн-жосықсыз дүние-мүлік сұрауға



байланысты қалау орындалмай, яғни, түрлі сылтаумен созбалап бермейтін жағдайлар да ұшырасады. Оның соңы әдетті бұзды деген айыппен барымтаға ұласып, дос-тамырлар арасында араздық туындап, қарым-қатынастың бүлінуіне әкеліп соғатын. Ел арасында жөнсіз қалау айтқан сұраушыны даттаған. Сондай-ақ, қимас дүниесін, мүлкін, дүлдүлін, алғыр тазысын немесе қыран құсын берген адамның мырзалығын әспеттеген сан алуан әңгімелер көптеп саналады.

Сондай жайттың бірін егжей-тегжейлі баяндаған И. Ибрагимов келтіретін әңгіменің (XIX ғ. орта шені) ұзын ырғасы төмендегідей: «Бір ауқатты адамның көзі орта дәулетті тамырының бүркітіне түседі екен. Байдың келе жатқанын, бүркітін қалайтынын алдын-ала сезген бүркіт иесі бүркітін ағасы алып аңға кетті деген болғызып, алыс ауылға жібереді. Өтініш аяқсыз қалмас деген нық сеніммен келе жатқан бай бүркіттің ауылда жоқ екенін жолай естіп біледі де, тамырының ауылына соқпай басқа ауылға бұрылып кетеді. Одан кейін де бүркіт үшін барған сапары сәтсіз болған бай өткен-кеткеннің барлығынан бүркіттің және бүркітшінің өз үйінде болған сәтін сұрастырып біліп отырады. Ақыры нақты мәлімет алған соң еш жерге соқпастан, тоқтамастан, тура жолмен емес айналма жолмен барып 120-130 шақырым қашықтықтағы тамырының үйіне бірақ түседі. Тамырын қарсы алып тұрған бүркітшінің есіне бүркіті үйінде екені түсіп, түрі бұзылып кетіпті. Келген қонақ: «Ауырып қалғанбысың?» – деп сұрағанда, берекесі қашып тұрған бүркітші табылған ақылға қуанып кетіп, «Сырқат едім, тәуіп шақырттым», – депті. Қонаққа қой сойылып, қонақасы желінеді. Ертеңінде аһылап-үһілеп жатқан тамырының ауруына қарамастан бай қалауын айтып, бүркітті көрсетіпті. «Науқас тамыр» құсын бермей алып қалудың қамымен малынан, отбасынан, тіпті барлық дүние-мүлкінен айырылуға бар екенін, тамырынан еш нәрсені аямайтындығын небір шешендік сөздермен жеткізіп, тек рақымшылық етіп «Қаракөз» құсын алмауды өтінеді. «Таяуда өлемін, сол кезде қасымда бүркітім болса еш қиналыссыз өлемін» деген сөзін айтады. Алайда, еш рақымшылық көрсетпеген тамыры «аурудан жазылған соң әкеліп беремін» деп уәде етсе ғана бүркітті тастап кетуге келісетінін айтады. Сол уәдемен бай өз ауылына қайтады. Арада бай аурудың денсаулығын сұраған адам да жібереді. Бірақ, ұзақ уақыт «жазылмаған» науқас ағайын-

туыс, құда-жекжаттарынан ақыл сұрап, олардан жөнді жауап ала алмай басы қатумен болады. Өйткені, оның алдында әдеттік заң бойынша не бүркітті өз қолымен апарып беру, не мал-мүлкінен айырылу сынды екі ғана жол тұрған еді. Кейінірек бүркітшіні шаппақ болып байдың ат сайлап жатқан хабары жетеді. Сасқан бүркітші тамырына хабаршы жіберіп, сәтті күні бүркітті апарып беретінін жеткізіп, айтқанындай өз қолымен табыс етеді. Алайда, бүркітші өзінен алған бүркітті қызының жасауына қосу үшін әлгі бай келесі бір бүркітшіге ақ теріге айырбастағанын ести сала, сол бүркітшімен тамыр болып, одан бүркітті қалап алып, бүркітін осылайша қайтарып алған екен» (Ибрагимов, 1872: 122-130).

Қазақы ортада қалау тамырлар арасында ғана емес, нағашы-жиен арасында да жүреді. Солардың қатарында салмақты қалау саналатыны – жиеннің нағашыларынан және ұзатылған қыздың төркінінен дүние-мүлік, мал сұрауы. Алайда, қалаусыз да нағашы жағы жиенге қырық серкеш, шұбар тай бастаған мал-мүлікпен қатар, төркін жағы қызға сыбағалы мал-мүлкін беретіні сөзсіз. Бұдан тыс төркіндей барған қыз және жиен қайтар кезде қалаған дүниесін, малын алуға құқылы. Ондайда қыз көңілін тауып марқайту төркініне әрі міндет, әрі сын. Әсіресе, жиені не қаласа соны беру парыз. Мысалы, Ер Жәнібек Бердәулетұлы бала кезінде нағашыларына барып, аунап-кунап болып, енді қайтарында «Көкдөнен» атты жүйрікті қалапты. Жол жүріп кеткен нағашы атасы Жәнібектің қайтар кезінде үйде болмай қалып, нағашы ағалары түрлі сылтау айтып қалаған атын берместен аттандырыпты. Кейін келіп мән-жайға қанық болған нағашы атасы: «Бұларың дұрыс болмаған екен, жиеннің қолын қағып, меселін қайтарғандарың кесір болады», – деп ырым бойынша Көкдөненді жетелей салып Жәнібектің артынан апарып беріпті. Оған разы болған Ер Жәнібек «Көкдөнен» күйін шығарған екен деседі.

Құдайы қонақтардың да белгілі ахуалға сай қалау сұрайтын кезі болатын көрінеді. Мәселен, Н. Гродеков: «Дұрыс күтім көрмеген қонақ үй иесінің үстінен билерге шағым түсіріп, отағасының бір мүлкін иелену арқылы материалдық компенсация алу құқығына ие бола алады», – дейді (Гродеков, 1889: 112-113). Яғни, үй иесінің мүлкінен қалаған бір затын ала алады деген сөз. Ал, ежелгі әдеттік заң бойынша ондай қонақ шағымына ұшыраған

үйге бір ат, бір шапан төлетіп, айып жүктеген (ат-шапан айып).

Сайып келгенде, көптеген ырым-жоралғылар күнделікті тұрмыстағы жасалатын әрекеттерге қарама-қарсы түрде атқарылатындығымен ерекшеленеді. Себебі, бұл жай ғана іс-қимыл емес, ғұрыпқа негізделген түрде атқарылатын әрекет болғандықтан ерекше, яғни, күндегіден (кәдімгі жағдайдан) өзгеше болуы тиіс. Өйткені, күнделікті, қалыпты жағдайда шаңырақтан қандайда бір дүние лақтырылмайтын болса, аяқ киім босағадан төрге қарай тасталмайтын болса, аталмыш ғұрып кезінде олар ырымдық мәні бар символдық затқа айналады. Сондай-ақ, жай ғана лақтыра салу емес, қарамай тұрып дәлдеп лақтыру сияқты ерекшеліктері ғұрыптың негізгі белгілері болып саналады.

Жиын-тойда атқарылатын, мәдени байланыстар нәтижесінде енген әдеттің бірі – балкүлшеде (торт) жанған шырақты үрлеп сөндіру үрдісі хақында. Осы үрдіске философиялық мән таңған қазақ «Шырағың сөнбесін» бойынша бала-шағасын, ұрпағын «шырағым» деді емес пе. Үлкендер айтатын «шамшырағым» деп ұрпағын еркелететіні осының айғағы болатын. Әңгімені әріден бастасақ – мәйітті жерленгеннен кейін тазалау мақсатында сол жерге шырақ жағылатын. Бұл мәселенің практикалық жағы. Сөз реті келген соң айта кететін жайттың бірі – шырақ, шыра, шам, шырагдан, шамшырақ мәселелері. Яғни, осы аталған заттардың терминологиялық атауларына тоқталған жөн. Мәселен, шырақ – саусақтан ұзын келетін, басына май сіңірілген мақта немесе шүберек оралған ши. Ол көбіне аластау, тазалау тәрізді ғұрыптық мақсаттарда пайдаланылады. Шыра – ұзындығы мен қалыңдығы білектен де үлкен келетін, қараңғыны жарық ететін ағаштан жасалған құрал. Бұның басына да май сіңірілген шүберек орап, байлап қояды. Жарық екендігін білдіретін «көзім шырадай жанды» деген халық мәтелі бұған дәлел болмақ. Шам немесе майшам деген күнделікті қолданылатын арнайы ыдыста жағылатын жарық беруші құрал. Егер бірнеше шам біріктіріліп ілінсе немесе арнайы тұғырға қойылса «самала» деп аталады (Қазақтың этнографиялық категориялар..., 147). Мысал ретінде қазақтың «самаладай жарық» деген сөзін еске түсірсек жетіп жатыр. Әрі орыстан енген «люстра»

мағынасының қазақы нұсқасы деген сөз. Жарық түсетін киіз үйдегі киелі бөлікті «шаңырақ» деп атаймыз. Міне, осылардан және т.б. мысалдар арқылы шамшырақ сөзінің мағынасы ашыла түспек. Яғни, «шырағым» деп үлкендердің кішкентай балаларды еркелетуін еске түсірсек болғаны. Ал, шам қоятын тұғырды шамдал атаған. Қазіргі кезде өз білермендігіне салған кейбіреулер қазақтың бәрі білетін шамдал деген сөзін пайдаланбай, шам қоятын тұғыр деп жазып жүр.

Дәстүрлі ортадағы күнделікті тұрмыста, түнде жатар алдында шамды басбармағы мен сұқ саусағы ұшын дымдап, қысып қана өшіре салатын. Осылайша өшкен шамнан қоңырсыған иіс те шықпайды, түтін де будақтамайтын. Әрекет пен наным-сенімнің тоғысқан жерін осыдан көретінбіз. Яғни, шамды үрлеп өшірмеу ата салт еді. Ал, енді «қапибөздейтұғын»-ды айта берсін-ақ делік. Алайда, жоғарыда айтылғандай балкүлшедегі шамды үрлеп өшіру салтымызға қайшы әрекет болса, керісінше туған күн иесі сол шамды жақса дұрыс болар еді демекпіз. Оның сыртында, ежелгі қазақта от жағып, түтін түтету – үй болғанының, жеке қазан көтергенінің белгісі болатын. Үйіне арнайы қонақ шақырғанда «ошағымды көрсетейін» деген сөзді қолдануы халықтық наным-сенімнің айғағы. Қазіргі «отбасы» ұғымының орнына ілкі заманда «түтін» сөзі қолданылғанын ескерген ләзім. Екі ұғым да адамның жеке қазан көтергенінің белгісі, дербес от жаққанының белгісі. Ал кейбір зерттеушілер мақаласында айтылатын «отқа табынушылар» (огнепоклонники) сөзін зерттеуші автордың пайымдауы деп қана түсіну керек. Қазақ өзін ешқашан отқа табынушы, тау, суға табынушымын деп санамаған, айтпаған. Ең әуелі Алла, Жаратушы, Құдай жарылқасын деп бастап, ата-баба рухы мен ие-кие қолдасын деп жалғастыратын.

Сондай-ақ, «тәңіршілдік» пен «шаманизм» ұғымдарының айырмасы бар екенін білген абзал, оқырман қауым ажырата білу керек. Шаман деп орыс тілінде қазақ бақсысын айтқан, яғни, тәңіршілдіктің бір атрибуты ғана болатын бақсылықты меңзеген. Шынтуайтында, шаманизм Ібір-Сібірді мекендейтін, солтүстік халықтарына тән дүние. Әңгімені қысқа қайырар болсақ, солтүстіктегі халық бақсыға көп тәуелді болғандықтан, шаманизм аталған. Ал Орта Азия халқында бақсыға жүгіну –



ауырып-сырқағанда, қиыншылыққа тап болғанда, т.б. жағдайда ғана атқарылатын әрекет еді. Қазақы ортада әрбір қоғам мүшесі күнделікті тұрмыста кездесетін ереже, салттарды мейлінше сақтап, сол жолмен,

жосынмен жүрген. Сайып келгенде, халық салт-дәстүрі мен әдет-салтында Жаратушының иелігін шексіз мойындап, оттың, жер-судың, т.б. қасиет-қадірін жоғары бағалаған деп түсінген абзал.

Әдебиеттер

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. А.: Ғылым, 1973.
2. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889.
3. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: Қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. А.: 1992.
4. Ибрагимов И.И. Этнографические очерки киргизского народа // РТ. Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. Вып. II. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. М., 1872. С.120-152.
5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: «Азия-Арна» баспасы, 2014. 5-том: Ө-Я, – 840 б.
6. Оспанұлы Е. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Балалық шақ, үйлену (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – Алматы, 2009.
7. Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Гильом де Рубрука. – А.: Ғылым, 1993. 245 с.
8. П. Обычаи киргизов Семипалатинской области // РВ. М., 1878. №9. С.22-66.
9. Этнографиялық экспедициялар материалдарынан.

References

1. Arýynbaev H.A. Qazaq halqyndaǵy semá men neke. A.: Ğylym, 1973.
2. Grodekov N.I. Kirgizy i karakirgizy Syr-Darinskoi oblasti. T.1. Iýridicheski byt. Tashkent: Tipo-Litografia S.I. Lahtina, 1889.
3. Júnisov A. Babalar dástúri: Qazaqtyń baýrǵy turmys-salt ǵuryptary. A.: 1992.
4. Ibragimov I.I. Etnograficheskie ocherki kirgizskogo naroda // RT. Sbornik, izdannyy po povodý politehnicheskoi vystavki. Vyp.II. Stati po etnografii, tehnike, selskomý hozáistvý i estestvennoi istorii. M., 1872. S.120-152.
5. Qazaqtyń etnografialyq kategorialar, úǵymdar men ataýlarynyń dástúrli júesi. Ensiklopedia. – Almaty: «Azia-Arna» baspasy, 2014. 5-tom: Ó-Á, – 840 bet.
6. Ospanuly E. Qazaq halqynyń salt-dástúrleri. Balalyq shaq, úlený (qazaq, orys, aǵylshyn tilderinde). Almaty, 2009.
7. Pýteshestvie v vostochnye strany Plano Karpini i Gilom de Rýbrýka. A.: Ğylym, 1993. 245 s.
8. P. Obychai kirgizov Semipalatinskoi oblasti // RV. M., 1878. №9. S.22-66.
9. From the materials of ethnographic expeditions.

Катран Д.

Египетский университет исламской культуры
Нур-Мубарак
г. Алматы, Казахстан
e-mail: dosai_kz@mail.ru

Qatran D.

«Nur-Mubarak» University
Almaty, Kazakhstan
e-mail: dosai_kz@mail.ru

ЗАБЫТЫЕ ОБЫЧАИ: ЗНАЧЕНИЕ И ОСОБЕННОСТИ

В статье рассматриваются некоторые обряды, которые не совершаются в наши дни в казахской среде. Указано назначение и состояние этих древних обычаев. Точнее, в центре разговора будут такие традиции, как «Мойынтастар» (бросать через шаңырақ шейный позвонок барана), «Шарык тастау» (бросить обувь), «Шаргы салу» (дарить платок), «Ұмсындыру» (Обнадёживание), «Қалау» (просьба) и др. Статья также затрагивает состояние народного понятия уважения к огню и вытекающую из этого трансформации некоторых традиционных представлений.

Ключевые слова: традиции, ритуал, шарык, шаргы, мойынтастар, умсындыру, магия огня, тенгри, шаманизм.

FORGOTTEN CUSTOM: MEANING AND FEATURES

The article discusses some rituals that are not performed today in the Kazakh environment. The purpose and state of these ancient customs are indicated. More precisely, in the center of the conversation there will be such traditions as «Moyyntastar» (throw through shanyrak a ram's neck vertebra), «Sharyk tatau» (throw shoes), «Shargy salu» (give a scarf), «Umsyndyru» (Reassuring). The article also touches upon the state of the folk concept respect for fire and the resulting transformation of some traditional ideas.

Keywords: traditions, ritual, sharyk, shargy, moyntastar, umsyndyru, fire magic, tengri, shamanism.